9.2. Қосарланған сақтандыру кезінде Сақтандырушы Сақтанушы (Пайда алушы) алдында өзімен жасалған сақтандыру шарты шегінде мүліктік жауапкершілік көтереді, алайда барлық Сақтандырушылардан Пайда алушы алған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы нақты келтірілген залалдан аспауға тиіс.

9.3. Қосарланған сақтандыру кезінде сақтандыру жағдайы туындағаннан кейін Сақтанушы Сақтандырушыға басқа сақтандыру компанияларында сақтандыру төлемін реттеуге қатысты барлық мәліметтерді, оның ішінде өзге сақтандыру компанияларынан алынған сақтандыру төлемдерінің мөлшері туралы ақпаратты ұсынуға міндетті.

9.4. Қосарланған сақтандыру кезінде Сақтандырушы сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның себептері мен мән-жайларын анықтауға, сондай-ақ сақтандыру жағдайының нәтижесінде келтірілген залалдың мөлшерін басқа сақтандыру компанияларымен бірлесіп айқындауға құқылы.

10-бап. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

10.1. Сақтанушының құқықтары:

- 1) Сақтандырушыдан оның төлем қабілеттілігі мен қаржылық тұрақтылығы туралы ақпарат талап етуге;
- 2) егер ол Сақтандыру шарты бойынша Пайда алушы болса, сақтандыру жағдайы туындаған кезде сақтандыру төлемін алуға;
- 3) шарт жоғалған жағдайда сақтандыру шартының телнұсқасын алуға;
- 4) сақтандыру жағдайы туындағанға дейін Сақтандырылған тұлғалардың тізіміне өзгерістер енгізуге. Сақтандырылған тұлғалардың тізіміне өзгерістер енгізу үшін Сақтанушы жоспарланған өзгерістер енгізілетін күннен кемінде 3 (үш) күн бұрын Сақтандырушыға жазбаша өтінішпен жүгінуі тиіс, бұл өтініш сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылады;
- 5) осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға;
- 6) сақтандыру құпиясының сақталуын талап етуге;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де әрекеттерді жүзеге асыруға.

10.2. Сақтанушының міндеттері:

- 1) сақтандыру сыйлықақысын сақтандыру шартымен және осы Қағидалармен белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде төлеуге;
- 2) Сақтандырушы жүргізетін тиісті тексеру шеңберінде сұратылған барлық құжаттарды ұсынуға;
- 3) сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтандыру тәуекелін бағалау және сақтандыру шартын жасасу туралы шешім қабылдау үшін елеулі мәні бар өзіне белгілі барлық мән-жайларды Сақтандырушыға хабарлауға;
- 4) басқа сақтандыру компанияларымен жасалған және жасалып жатқан мүліктік сақтандыру шарттары туралы Сақтандырушыға жазбаша түрде хабарлауға;
- 5) сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтандыру тәуекелінің жай-күйі туралы Сақтандырушыны дереу хабардар етуге;
- 6) осы Сақтандыру қағидаларының талаптарын Сақтандырылған тұлғалардың назарына жеткізуге;



- 7) сақтандыру талаптарын орындауға (Сақтандырылған тұлғалардың сақтандыру шарты талаптарын бұзуы Сақтанушының өзі бұзған болып есептеледі);
- 8) сақтандыру жағдайы туындаған кезде, демалыс және мереке күндерін қоспағанда, 3 (үш) жұмыс күні ішінде Сақтандырушыны жазбаша түрде хабардар етуге;
- 9) сақтандыру жағдайынан туындайтын залалды болдырмау немесе азайту үшін барлық мүмкін және орынды шараларды қабылдауға;
- 10) сақтандыру жағдайының себептері, барысы мен салдары, келтірілген залалдың сипаты мен мөлшері туралы қорытынды жасауға мүмкіндік беретін барлық қолда бар ақпаратты Сақтандырушыға ұсынуға;
- 11) суброгация тәртібімен сақтандыру жағдайының туындауына жауапты тұлғаға қатысты талап ету құқығының Сақтандырушыға өтуін қамтамасыз етуге;
- 12) егер бұл қауіпсіздік мүдделеріне қайшы келмесе немесе залалдың ұлғаюына әкеп соқтырмаса, зақымдалған мүлікті Сақтандырушы өкілі қарағанға дейін сақтандыру жағдайының нәтижесінде қандай күйде болса, сол күйінде сақтауға;
- 13) сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдау үшін осы Қағидаларға (сақтандыру шартының талаптарына) сәйкес Сақтандырушы талап ететін барлық қажетті құжаттарды ұсынуға;
- 14) сақтандыру шартының талаптары, сақтандыру сыйлықақыларының және төлемдердің мөлшері туралы құпиялылықты сақтауға;
- 15) сақтандыру шарты жасалған кезде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайларда өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы, егер мұндай өзгерістер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін болса, Сақтандырушыны дереу хабардар етуге;
- 16) Сақтанушы өзінің, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін Сақтандырушы немесе үшінші тұлға жинауға және өңдеуге, оның ішінде дербес деректерді трансшекаралық беруге келісімін растайды. Дербес деректерді сақтау мерзімін Сақтандырушы оларды әрі қарай сақтау қажеттілігі жойылғанға дейін айқындайды және ол 10 жылды құрайды. Дербес деректерді пайдалану Қоғамның немесе үшінші тұлғаның сақтандыру шартының талаптарын және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасын орындау, сондай-ақ Қоғам қызметінің мақсаттарын іске асыру үшін жүзеге асырылады;
- 17) Сақтанушы өзінің, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін жалпыға қолжетімді дербес деректер көздерінде, электрондық және өзге де деректер базаларында және картотекаларда таратуға, сондай-ақ мұндай деректерді үшінші тұлғаларға беруге келісімін растайды;
- 18) Сақтанушы Сақтандырылған тұлғадан (Пайда алушыдан) оның дербес деректерін Сақтандырушы немесе үшінші тұлға өңдеуіне, оның ішінде дербес деректерді трансшекаралық беруге, сондай-ақ дербес деректерді жалпыға қолжетімді дербес деректер көздерінде, электрондық және өзге де деректер базаларында және картотекаларда таратуға және үшінші тұлғаларға беруге жазбаша келісім алуға міндетті;
- 19) Сақтанушы Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін Сақтандырушы немесе үшінші тұлға өңдеуіне келісімнің болмауына, оның ішінде трансшекаралық беруге және жалпыға қолжетімді көздерде таратуға, сондай-ақ үшінші тұлғаларға беруге келісімнің болмауына жауапты болады;
- 20) деректерді жинауға және өңдеуге келісім мыналарды қамтиды:
 - атауы (тегі, аты, әкесінің аты (егер жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе));
 - бизнес-сәйкестендіру нөмірі (жеке сәйкестендіру нөмірі);
 - дербес деректер субъектісінің тегі, аты, әкесінің аты (егер жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе);
 - дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімнің қолданылу мерзімі немесе кезеңі;
 - оператордың дербес деректерді үшінші тұлғаларға беру мүмкіндігі немесе мүмкін еместігі туралы мәліметтер;
 - дербес деректерді өңдеу барысында трансшекаралық берудің бар немесе жоқ екендігі туралы мәліметтер;
 - дербес деректердің жалпыға қолжетімді көздерде таратылуы туралы мәліметтер;
 - дербес деректер субъектісіне қатысты жиналатын деректердің тізбесі;
- 21) Сақтанушы өзінің, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін Сақтандырушы немесе үшінші тұлға тарапынан жалпыға қолжетімді көздерде, электрондық және өзге де деректер базаларында және картотекаларда, әлеуметтік желілерде, интернет-ресурстарда, мобильдік қосымшаларда, сондай-ақ олардың серіктестерінің



интернет-ресурстарында, мобильдік қосымшаларында және әлеуметтік желілерінде сақталған деректерді жинауға және өңдеуге келісімін растайды.

10.3. Сақтандырушының құқықтары:

- 1) клиенттерді тиісінше тексеруді жүргізу үшін Сақтанушыдан қажетті құжаттарды талап етуге;
- 2) сақтандыру шартын жасасқанға дейін сақтандыруға жататын мүлікті қарап-тексеруге, фотосуретке түсіруге, ал қажет болған жағдайда оның нақты құнын айқындау мақсатында сараптама тағайындауға;
- 3) сақтандырылған мүлікті сақтау және залал мөлшерін азайту жөніндегі іс-шараларға қатысуға. Бұл ретте Сақтандырушының аталған іс-шараларға қатысуы оқиғаны сақтандыру жағдайы ретінде тану болып табылмайды;
- 4) Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) ұсынған ақпарат пен құжаттарды, сондай-ақ Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) сақтандыру шарты талаптары мен міндеттерін орындауын тексеруге;
- 5) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның себептері мен мән-жайларын өз бетінше анықтауға, оның ішінде уәкілетті органдарға сұрау салулар жіберуге;
- 6) сақтандыру жағдайының фактісін және оның туындау мән-жайларын анықтау үшін Сақтанушыдан немесе Сақтандырылған тұлғадан қажетті ақпарат пен құжаттарды талап етуге;
- 7) Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) немесе оның уәкілетті тұлғасының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған немесе оның туындауына ықпал еткен қасақана әрекеттері болған жағдайда, сондай-ақ Сақтанушының сақтандыру жағдайынан келтірілген залалды азайту жөнінде қасақана шаралар қабылдамағаны, сақтандыру шарты талаптарын орындамағаны немесе оқиғаның сақтандыру жағдайы ретінде танылмағаны жағдайында, бұл туралы Сақтанушыны (Сақтандырылған тұлғаны/Пайда алушыны) жазбаша түрде хабардар ете отырып, сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға;
- 8) кез келген уақытта тәуекелдің туындауына ықпал ететін мән-жайлардың бар-жоғын тексеруге және инспекция жүргізуге;
- 9) тәуекел деңгейі артқан жағдайда сақтандыру шартының талаптарын өзгертуге немесе тәуекелдің ұлғаюына сәйкес қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге.

10.4. Сақтандырушының міндеттері:

- 1) Сақтанушыны осы Сақтандыру қағидаларымен таныстыруға;
- 2) сақтандыру жағдайы туындаған кезде сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға;
- 3) сақтандыру жағдайы кезінде залалды азайту үшін Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) жұмсаған орынды және мақсатқа сай шығындарды өтеуге;
- 4) сақтандыру жағдайы туралы хабарламаны тіркеуге;
- 5) Сақтанушының өтініші бойынша ұсынылған құжаттардың тізбесі мен оларды қабылдау күні көрсетілген анықтаманы беруге;
- 6) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;
- 7) Сақтанушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттардың толық емес пакетін ұсынған жағдайда, соңғы құжат ұсынылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде бұл туралы Сақтанушыны хабардар етуге;
- 8) келесі жағдайларда сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға:
 - Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның/Пайда алушының және (немесе) бенефициарлық меншік иесінің Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің ресми сайтында жарияланған терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалар тізбесінде, сондай-ақ ФРОМУ тізбесінде болуы;
 - Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның Сақтандырушының сұрауы бойынша тиісті тексеруді жүргізу үшін қажетті құжаттарды және қосымша ақпаратты ұсынбауы;
 - ақша және (немесе) өзге мүлікпен жасалатын операцияның қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру (ОД және ФТ) мақсатында жүзеге асырылып жатқанына негіз бар болған жағдайда.

10.5. Тараптардың Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Қағидалармен және сақтандыру шартымен белгіленген өзге де құқықтары мен міндеттері бар.

11-бап. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаю салдары



11.1. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайларда өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы, егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін болса, Сақтандырушыны дереу жазбаша түрде хабардар етуге міндетті.

11.2. Кез келген жағдайда келесі өзгерістер мен мән-жайлар елеулі болып танылады:

1. сақтандыру объектісінің сипаттамаларының өзгеруі;
2. мүлікті сақтандыру аумағынан тыс пайдалану;
3. Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) тұрғылықты жерін өзгертуі;
4. мүлікке меншік құқығының басқа тұлғаға ауысуы;
5. мүлікті жалға беру (аренда), лизингке, прокатқа, кепілге беру немесе өзге де ауыртпалықтар салу;
6. сенімхат беру немесе мүлікке билік ету құқықтарын беру;
7. өндірісті тоқтату немесе оның сипатын елеулі өзгерту;
8. өтініште көрсетілген пайдалану мақсаттарының өзгеруі;
9. ғимараттарды, құрылыстарды бұзу, қайта салу немесе қайта жабдықтау;
10. сақтандыру жағдайының туындауына қарамастан мүліктің елеулі зақымдануы немесе жойылуы;
11. қосарланған сақтандырудың болуы;
12. сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушының өтінішінде көрсетілген талаптардың өзгеруі.

11.3. Сақтандыру шартында тәуекел деңгейінің ұлғаюына әсер ететін өзге де елеулі өзгерістер көзделуі мүмкін.

11.4. Сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкелетін мән-жайлар туралы хабардар етілген Сақтандырушы сақтандыру шартының талаптарын өзгертуді және тәуекелдің ұлғаюына сәйкес қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге құқылы.

11.5. Егер Сақтанушы немесе Сақтандырылған тұлға сақтандыру шартының талаптарын өзгертуге немесе қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуге қарсылық білдірсе, Сақтандырушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқылы. Бұл ретте сақтандыру сыйлықақысын Сақтанушыға қайтару тәртібі сақтандыру шартында айқындалады.

11.6. Егер Сақтанушы немесе Сақтандырылған тұлға осы баптың 11.1-тармағында көзделген міндетті орындамаса, Сақтандырушы сақтандыру шартын бұзуды және шартты бұзуға байланысты келтірілген залалды өтеуді талап етуге құқылы.

11.7. Егер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкелген мән-жайлар жойылған болса, Сақтандырушы сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқылы емес.

12-бап. ақтандыру жағдайы туындаған кезде Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) әрекеттері

12.1. Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға орын алған кезде және/немесе оның салдарынан сақтандыру жағдайы туындауы мүмкін болған жағдайда, сондай-ақ сақтандыру жағдайы туындаған кезде Сақтанушы/Сақтандырылған тұлға міндетті:

- 1) сақтандыру шартында көрсетілген телефондар арқылы дереу Сақтандырушыға хабарласып, әрі қарайғы әрекеттер бойынша кеңес алуға;
- 2) қалыптасқан жағдайларда мүмкін болатын залалды болдырмау немесе азайту үшін барлық орынды және қолжетімді шараларды қабылдауға, соның ішінде зақымдалған мүлікті құтқару және сақтау шараларын қолдануға (егер Сақтандырушы нақты шаралар қабылдау туралы нұсқаулар берген болса, сол нұсқауларды орындауға міндетті);
- 3) мүмкіндігінше қысқа мерзімде, бірақ кез келген жағдайда ол оқиға туралы білген сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей (мереке және демалыс күндерін есептемегенде), қолжетімді кез келген тәсілмен Сақтандырушыға немесе оның уәкілетті өкіліне оқиға туралы хабарлауға, оқиғаның мән-жайлары, келтірілген зиянның түрлері мен болжамды мөлшері туралы барлық белгілі мәліметтерді жеткізуге, әрі қарайғы әрекеттерді Сақтандырушымен келісуге, сондай-ақ кейіннен Сақтандырушы белгілеген нысан бойынша жазбаша өтініш ұсынуға;
- 4) зақымдалған мүлікті сақтандыру оқиғасы салдарынан қалыптасқан күйінде, Сақтандырушы тексеру жүргізгенге дейін сақтауға. Сақтанушы залалдың сипатын тек қауіпсіздік талаптарына



байланысты, залалды азайту мақсатында немесе Сақтандырушының келісімімен, сондай-ақ Сақтандырушыға хабарлаған күннен бастап екі апта өткеннен кейін ғана өзгертуге құқылы;

- 5) сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті барлық құжаттар мен мәліметтерді Сақтандырушыға ұсынуға;
- 6) сақтандыру жағдайы (оқиға) болған орынды және зақымдалған мүлікті қарауға немесе тексеруге, залалдың себептері мен мөлшерін анықтау бойынша зерттеулер жүргізуге, сондай-ақ залалды азайту және сақтандырылған мүлікті құтқару шараларына қатысуға Сақтандырушыға мүмкіндік беруге;
- 7) залал үшін жауапты тұлғаға қатысты талап қою құқығын қамтамасыз етуге;
- 8) Сақтандырушының өкілі Сақтанушыдан залал туралы хабарлама күтпей-ақ зақымдалған мүлікті қарауға кірісуге құқылы. Сақтанушы оған кедергі келтіруге құқылы емес;
- 9) егер Сақтанушы Сақтандырылған тұлға болып табылмаса, сақтандыру жағдайы туралы хабарлау және мүмкін болатын залалды болдырмау немесе азайту үшін барлық орынды және қолжетімді шараларды қабылдау міндеті, соның ішінде сақтандырылған мүлікті құтқару және сақтау шаралары Сақтандырылған тұлғаға жүктеледі;
- 10) Пайда алушы барлық жағдайларда, Сақтанушы немесе Сақтандырылған тұлға хабарлағанына қарамастан, сақтандыру жағдайының туындауы туралы Сақтандырушыны хабардар етуге құқылы;
- 11) белгіленген мерзімде Сақтандырушыға сақтандыру жағдайы туралы хабарламау оған сақтандыру төлемінен бас тарту құқығын береді;
- 12) Сақтандырушы немесе оның өкілдері сақтандырылған мүлікті құтқару және сақтау шараларына қатысуға, сондай-ақ Сақтанушыға қажетті шараларды қабылдау жөнінде нұсқаулар беруге құқылы.

12.2. Пайда алушы барлық жағдайларда, Сақтанушы немесе Сақтандырылған тұлға хабарлағанына қарамастан, сақтандыру жағдайының туындауы туралы Сақтандырушыны хабардар етуге құқылы.

12.3. Белгіленген мерзімде Сақтандырушыға сақтандыру жағдайы туралы хабарламау оған сақтандыру төлемінен бас тарту құқығын береді, бұған Сақтанушының еркінен тәуелсіз себептер болған және бұл фактіні растайтын тиісті құжаттар ұсынылған жағдайлар кірмейді, егер Сақтандырушы сақтандыру жағдайының туындағанын уақтылы білгені дәлелденбесе немесе Сақтандырушыда бұл туралы мәліметтердің болмауы оның сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндетіне әсер етпейтіні дәлелденбесе.

12.4. Қозғалмалы мүлік, жабдық жойылған немесе зақымдалған жағдайда, Сақтанушы Сақтандырушыға зақымдалған, жойылған немесе жоғалған мүліктің тізімін ұсынуға міндетті. Бұл тізімдер Сақтандырушымен келісілген мерзімдерде ұсынылуы тиіс, бірақ кез келген жағдайда сақтандыру жағдайы туындаған күннен бастап бір айдан кешіктірілмей ұсынылуы керек; тізімдер сақтандыру жағдайы болған күнгі мүліктің құнын көрсете отырып жасалады.

12.5. Сақтандырушы немесе оның өкілдері сақтандырылған мүлікті құтқару және сақтау шараларына қатысуға, сондай-ақ Сақтанушыға қажетті шараларды қабылдау жөнінде нұсқаулар беруге құқылы.

13-бөп. Сақтандыру жағдайының туындауын және залал мөлшерін растайтын құжаттар тізбесі

13.1. Сақтандыру жағдайының туындауын, сондай-ақ одан келтірілген залалды дәлелдеу Сақтанушыға (Сақтандырылған тұлғаға/Пайда алушыға) жүктеледі.

13.2. Сақтандыру төлемін алу үшін Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға, Пайда алушы) құжаттармен келесілерді дәлелдеуге міндетті:

1. сақтандырылған мүлікке қатысты өзінің мүддесін;
2. сақтандыру жағдайының болуын;
3. келтірілген залалдың мөлшерін.

13.3. Сақтандыру төлемін алу үшін Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға/Пайда алушы) Сақтандырушыға келесі құжаттарды ұсынуы тиіс:

1. Сақтандырушының нысаны бойынша сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға туралы өтініш;

Жеке басын куәландыру және сақтандыру төлемін алу шарттарын сақтау үшін (түпнұсқалар):

- 2) сақтандыру полисі немесе оның телнұсқасы (полис жоғалған жағдайда);
- 3) өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасы;
- 4) жеке тұлғаның жеке кәсіпкер ретінде тіркелгені туралы куәлік (егер Сақтанушы жеке тұлға болып,



жеке кәсіпкерлік қызметпен айналысса);
5) сақтандыру компаниясында іс жүргізуге және сақтандыру төлемін алуға құқық беретін сенімхат (заңды тұлға үшін немесе Пайда алушының мүддесін білдіру жағдайында);

Сақтандырылған мүлікті сақтауға мүддені дәлелдеу үшін – мүлікке меншік құқығын, пайдалану және/немесе билік ету құқығын растайтын құжаттар: сатып алу-сату, жалға алу, айырбастау, сыйға тарту шарттарының немесе өзге де құқықты растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі.

Сақтандыру жағдайының болуын дәлелдеу үшін (түпнұсқалар немесе тиісті түрде куәландырылған көшірмелер):

6) өрт, табиғи апаттар кезінде – төтенше жағдайлар жөніндегі уәкілетті органның, өрт қауіпсіздігі қызметінің оқиғаның мән-жайларын тергеу туралы актісі/анықтамасы;

7) Сақтанушыға/Сақтандырылған тұлғаға тиесілі емес көрші үй-жайлардан су кіруі және/немесе су құбыры, жылыту, кәріз жүйелерінен судың әсерінен зақым келген жағдайда – КСК (пәтер иелері кооперативі) актісі, ал КСК болмаған жағдайда – авариялық қызметтердің актілері;

8) табиғи апаттар кезінде – төтенше жағдайлар жөніндегі уәкілетті органның актісі/анықтамасы;

9) үшінші тұлғалардың құқыққа қарсы әрекеттері кезінде – әкімшілік немесе қылмыстық іс қозғау туралы қаулы және Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның оқиға болған жердегі ішкі істер органына берген өтінішінің көшірмесі;

10) көлік құралымен соқтығысу кезінде – құзыретті органдардың құжаттары;

11) басқарылатын ұшу аппараттарының құлауы кезінде – төтенше жағдайлар жөніндегі уәкілетті органның актілері;

12) сақтандыру жағдайының туындауын, себептерін және келтірілген залал мөлшерін растайтын өзге де ресми құжаттар;

Келтірілген залал мөлшерін дәлелдеу үшін (түпнұсқалар):

1. Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға, Пайда алушы) жасаған жоғалған және/немесе зақымдалған мүліктің тізімі, зақымдану дәрежесі көрсетілген;

2. тауарлық жүкқұжаттар мен чектер, жұмыстарды қабылдау-тапсыру актілері, калькуляциялар, жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарына арналған сметалар;

3. тәуелсіз сараптамалық (бағалау) ұйымдардың қорытындылары;

4. келтірілген залал мөлшерін растайтын өзге де құжаттар.

13.4. Оқиға туралы толық ақпарат алу мақсатында Сақтандырушы құзыретті органдардан (ішкі істер органдары, өрт бақылау қызметі, авариялық-техникалық қызметтер, газ желісінің авариялық қызметтері), сондай-ақ оқиға мән-жайлары туралы ақпаратқа ие кәсіпорындардан, мекемелерден және ұйымдардан мәліметтер сұратуға, сондай-ақ оқиғаның себептері мен мән-жайларын өз бетінше анықтауға құқылы.

13.5. Қажет болған жағдайда, оқиғаның туындау себептерін және залал мөлшерін анықтау бойынша жұмыстарды Сақтандырушының тапсырмасы бойынша тәуелсіз сарапшылар, бағалаушылар, авариялық комиссарлар жүргізе алады.

14-бап. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен шарттары. Сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдау немесе сақтандыру төлемінен бас тарту мерзімі

14.1. Сақтандыру төлемі Сақтандырушы тарапынан Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға, Пайда алушы) ұсынған осы Қағидалардың 13-бабында көрсетілген құжаттар, сондай-ақ қажетті құжаттар ұсынылғаннан кейін Сақтандырушы немесе оның өкілі жасаған сақтандыру жағдайы туралы акт негізінде жүзеге асырылады.

14.2. 1-Бөлім бойынша (Мүлікті залалдан ерікті сақтандыру):

14.2.1. Егер Сақтандырушы мүліктің зақымдануын немесе жоғалуын (жойылуын) сақтандыру жағдайы деп таныса, сақтандыру төлемі Сақтанушыға/Пайда алушыға сақтандыру сомасы шегінде, бірақ сақтандыру жағдайы нәтижесінде келтірілген нақты залалдан (тәуелсіз сарапшының бағалау есебі негізінде анықталған мүліктің нарықтық құнынан) аспайтын мөлшерде, франшиза шарттарын ескере отырып жүзеге асырылады. Сақтандыру төлемінің валютасы – теңге.

14.2.2. Қалпына келтіру-жөндеу шығындарына жөндеу үшін қажетті материалдар шығындары, жөндеу жұмыстарының құны және сақтандырылған мүлікті сақтандыру жағдайы туындағанға дейінгі күйіне келтіру үшін қажетті өзге де шығындар, амортизациялық тозуды шегере отырып кіреді. Егер зақымдалған бөліктерді жөндеу мүмкін болғанына қарамастан, сақтандырылған мүлік қауіпсіздігіне



қатер төндірмей олар ауыстырылған болса, Сақтандырушы Сақтанушыға (Сақтандырылған тұлғаға, Пайда алушыға) осы бөліктерді жөндеу құнын өтейді, бірақ олардың ауыстыру құнынан аспайтын мөлшерде. Жөндеу-қалпына келтіру шығындарынан жөндеу барысында ауыстырылатын бөлшектердің тозу сомасы шегеріледі.

14.2.3. Қалпына келтіру-жөндеу шығындары келесі негіздерде айқындалуы мүмкін:

- 1) Сақтандырушының калькуляциясы; немесе
 - 2) авариялық комиссардың (сюрвейердің) және/немесе диспашердің (аджастердің) немесе тәуелсіз сарапшының (бағалаушының) қорытындысы.
- Мүлікке келтірілген залал мөлшерін анықтаудың нақты тәсілін Сақтандырушы айқындайды.

14.2.4. Калькуляция жасау кезінде материалдар мен жұмыстардың қолданыстағы орташа нарықтық бағалары қолданылады.

14.2.5. Нақты залал мөлшерін анықтау кезінде есепке алынбайды және сақтандырумен өтелмейді:

- 1) мүлікті техникалық, профилактикалық және кепілді қызмет көрсету шығындары;
- 2) мүлікті қайта жаңғыртуға және қайта жабдықтауға, сондай-ақ оның жекелеген бөлшектері мен тораптарын олардың тозуына, техникалық ақауына және сақтандыру жағдайына қатысы жоқ басқа себептерге байланысты жөндеу немесе ауыстыруға байланысты жұмыстар;
- 3) зақымдануы сақтандыру жағдайымен байланысты емес мүлік бөліктерін (детальдарын және т.б.) жөндеу немесе ауыстыру құны;
- 4) қарастырылып отырған сақтандыру жағдайына тікелей қатысы жоқ жетіспейтін бөліктердің (детальдардың, агрегаттардың және т.б.) құны;
- 5) нормативтен тыс тарифтерді, бағаларды және коэффициенттерді қолданумен байланысты шығындар;
- 6) сақтандырылған мүліктің құнын арттыруға әкелетін өзге де шығындар.

14.2.6. Сақтандыру төлемі сақтандыру жағдайының туындауын, оның себептерін, залал мөлшерін және төлем алушының сақтандыру төлемін алуға құқығын растайтын барлық қажетті құжаттардың соңғысы ұсынылған сәттен бастап 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей жүзеге асырылады, атап айтқанда:

- 1) сақтандыру шартының көшірмесі;
- 2) Сақтанушының болған оқиға туралы қысқаша сипаттамасы бар жазбаша өтініші;
- 3) мүлікке құқық белгілейтін құжаттар, техникалық паспорт, жер актісі, конструктивтік элементтер мен инженерлік жабдықтың техникалық сипаттамасы, жер учаскесінің экспликациясы, ғимараттың экспликациясы, сатып алу-сату/жалға алу шарттары, Сақтанушының жеке куәлігі/құрылтай құжаттары;
- 4) оқиғаны тергеуге (зерделеуге және/немесе тіркеуге және/немесе есепке алуға және/немесе бақылауға және т.б.) құзыретті мемлекеттік органдардың сақтандыру жағдайының туындағанын растайтын құжаттары: өртке қарсы қызметтің актісі, қылмыстық іс қозғау туралы қаулы, авариялық қызметтердің (газ, су құбыры) актілері, Қазгидромет анықтамалары, төтенше жағдайлар органдарының анықтамалары және т.б.;
- 5) сақтандыру жағдайының туындау себептерін айқындайтын құжаттар: өртке қарсы қызметтің қорытындылары, сараптама актілері, құқық қорғау органдарының құжаттары немесе сот үкімі;
- 6) коммерциялық актілердің түпнұсқалары, кәсіпкерлердің ұлттық палатасының сараптама актілері, сот сараптамасы органдарының, тәуелсіз сарапшылардың қорытындылары, қажет болған жағдайда құрылыс/жөндеу ұйымдары жасаған сметалар, барлық мүдделі тараптардың қатысуымен жасалған мүлікті тапсыру-қабылдау актілері;
- 7) мүліктің бухгалтерлік қалдық құнын көрсететін құжаттар.

14.2.7. Сақтандыру жағдайы нәтижесінде келтірілген залал мөлшері тәуелсіз сарапшының жазбаша бағалау есебі негізінде айқындалады. Бастапқы кезеңде тәуелсіз сарапшының қызметіне ақы төлеуді Сақтандырушы жүзеге асырады. Тәуелсіз сарапшының бағалау есебімен келіспеген жағдайда, залал бойынша қайта сараптама жүргізу шығындарын сақтандыру шартының бастамашы Тарабы көтереді. Тәуелсіз сарапшының бағалау есебіне зақымдалған және/немесе жоғалған мүліктің тізімі, сондай-ақ зақымдалған мүліктің фотосуреттері қоса беріледі.

14.2.8. Мүлік зақымданған жағдайда, сақтандыру төлемінің мөлшерін Сақтандырушы зақымдалған мүлікті қалпына келтіру құнына немесе оның жекелеген бөліктерін жөндеуге қажетті шығындар сомасына сүйене отырып, франшиза және тозу сомасын шегере отырып айқындайды.



14.2.9. Мүлік жоғалған (жойылған) жағдайда, сақтандыру төлемінің мөлшерін Сақтандырушы мүліктің нақты құнынан әрі қарай пайдалануға жарамды қалдықтардың және франшиза сомасының шегерілуімен айқындайды.

14.2.10. Қалпына келтіру шығындарына мыналар жатады:

- 1) материалдар мен мүлік бөлшектерінің құны;
- 2) жөндеу жұмыстарының құны;
- 3) материалдарды жөндеу орнына жеткізу шығындары.

14.2.11. Қалпына келтіру шығындарына жатпайды және сақтандырумен өтелмейді:

- 1) жылжымайтын мүлікті өзгертуге немесе жақсартуға қажетті шығындар;
- 2) қажеттіліктен тыс жұмсалған шығындар.

14.2.12. Қажет болған жағдайда Сақтандырушы/Сақтанушы сақтандыру объектісін қалпына келтіру сметаларына сараптама жүргізу үшін істің нәтижесіне мүдделі емес сарапшылардың және/немесе мамандардың қызметтерін пайдалануға құқылы.

14.2.13. Сақтандырушы Сақтанушымен келісім бойынша сақтандыру төлемін сақтандыру төлемі сомасы шегінде залалды заттай өтеумен алмастыруға құқылы.

14.2.14. Сақтандыру төлемі Сақтанушының/Пайда алушының банктік шотына ақша аудару арқылы жүзеге асырылады. Сақтандыру төлемі күні болып Сақтандырушының банктік шотынан ақша есептен шығарылған күн саналады, ал залалды заттай өтеу кезінде – сақтандырылған мүлікке тең келетін зат берілген күн, ал жөндеу кезінде – сақтандырылған мүлікті жөндеуді жүзеге асыратын ұйымның банктік шотына ақша түскен күн саналады.

14.2.15. Егер сақтандыру жағдайы туындаған сәтте сақтандыру объектісіне қатысты өзге сақтандыру шарттары қолданылып тұрған болса, сақтандыру төлемі әрбір Сақтандырушы бойынша сақтандыру сомаларының арақатынасына пропорционалды түрде бөлінеді, ал осы сақтандыру шартының Тарапы болып табылатын Сақтандырушы тек өз үлесіне тиесілі бөлігін ғана төлейді.

14.2.16. Егер құзыретті органдар Сақтанушыға немесе оның қызметкерлеріне қатысты қылмыстық іс қозғаған болса және (немесе) сақтандыру жағдайының туындауына және келтірілген залалға қатысты мән-жайлар бойынша тергеу жүргізіліп жатса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыруды тергеу аяқталғанға дейін кейінге қалдыруға құқылы.

14.2.17. Егер осы сақтандыру шартында сақтандыру сомасы шарт жасалған сәтте мүліктің нақты құнынан төмен белгіленсе, сақтандыру төлемінің мөлшері сақтандыру сомасының мүліктің нақты құнына қатынасына пропорционалды түрде, бірақ сақтандыру сомасы шегінде, франшизаны ескере отырып айқындалады. Бұл жағдайда сақтандыру төлемінің (СТ) мөлшері келесі формула бойынша есептеледі:

$СТ = У \times С / СК$, мұнда:

У – нақты залал мөлшері;

С – сақтандыру сомасы;

СК – мүліктің нақты құны.

2-Бөлім бойынша (Титулдық сақтандыру):

14.3.19. Сақтанушыдан сақтандыру жағдайының туындауына әкеп соғуы мүмкін оқиға туралы жазбаша хабарлама алғаннан кейін Сақтандырушы келесі әрекеттерді жүзеге асырады:

1. сақтандыру жағдайының туындауына әкеп соғуы мүмкін оқиғаның болған-болмағанын анықтайды; Сақтанушының өтінішінде көрсетілген мәліметтердің дұрыстығын тексереді; оқиғаның туындау фактісін және себептерін анықтайды;
2. сотта «Өз бетінше талап қоймайтын үшінші тұлға» ретінде немесе Сақтанушының өкілі ретінде қатысады (өз шешімі бойынша сотқа қатыспауға құқылы).

14.3.20. Сақтандыру төлемі Сақтанушының жазбаша өтініші, Сақтанушы ұсынған құжаттар және сақтандыру жағдайы туралы акт негізінде Сақтандырушы тарапынан жүзеге асырылады. Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз Сақтанушы болашақ сақтандыру төлемдерінің есебінен жасаған төлемдер есепке алынбайды.

14.3.21. Сақтандыру төлемі франшизаны, сондай-ақ Сақтандырушының сот және сараптамалық шығындарын шегере отырып, келтірілген залал мөлшерінде жүзеге асырылады, егер бұл шығындар Сақтандырушы өтейтін залалды болдырмау немесе азайту мақсатында жұмсалмаған болса, бірақ сақтандыру сомасынан аспауы тиіс.

14.3.22. Залал келесі түрде анықталады:

1. сот шешімі бойынша Сақтанушы сақтандыру объектісіне меншік құқығынан толық айырылған жағдайда, сақтандыру төлемі сақтандыру сомасы мөлшерінде айқындалады;



2. сот шешімі бойынша Сақтанушы сақтандыру объектісіне меншік құқығынан ішінара айырылған жағдайда, сақтандыру төлемін Сақтандырушы сақтандыру сомасының жоғалған құқыққа сәйкес мүлік бөлігінің құнының сақтандырылған мүліктің шарт жасалған күнгі құнына қатынасына пропорционалды үлесі ретінде айқындайды.

14.3.23. Сақтанушы залалды болдырмау немесе азайту мақсатында жұмсаған шығындар, егер олар қажетті болған немесе Сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін жасалған болса, тиісті шаралар нәтиже бермеген жағдайда да, Сақтандырушы тарапынан өтеледі.

14.3.24. Мұндай шығындар нақты мөлшерде өтеледі, бірақ сақтандыру төлемі мен шығындарды өтеудің жалпы сомасы сақтандыру шартында көзделген сақтандыру сомасынан аспауы тиіс. Егер шығындар Сақтанушының Сақтандырушының нұсқауларын орындауы нәтижесінде туындаса, олар сақтандыру сомасына қарамастан толық көлемде өтеледі.

14.3.25. Егер Сақтанушы мүмкін болатын залалды азайту үшін өзіне қолжетімді және орынды шараларды әдейі қабылдамаған жағдайда, Сақтандырушы сол әрекеттер салдарынан туындаған залал бөлігінде сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.

14.3.26. Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру немесе одан бас тарту туралы шешім қабылдау үшін барлық қажетті құжаттарды алғаннан кейін 15 (он бес) күн ішінде немесе тараптардың келісімімен белгіленген мерзімде шешім қабылдайды және бұл туралы Сақтанушыға (Пайда алушыға) жазбаша түрде хабарлайды. Егер сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылданса, Сақтандырушы бас тарту себебін негізді түрде көрсетеді.

14.3.27. Сақтандырушы сақтандыру төлемін Сақтанушыға (Пайда алушыға) сақтандыру төлемі туралы шешім қабылданғаннан кейін 15 (он бес) күн ішінде немесе тараптардың келісімімен белгіленген мерзімде жүзеге асырады.

14.3.28. Сақтандыру төлемін уақтылы жүзеге асырмағаны үшін Сақтандырушы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 353-бабына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

14.3.29. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуы Сақтанушы, Сақтандырылған тұлға немесе Пайда алушы тарапынан Сақтандырушыға талап қоюдан кейін Сақтандырушының бас кеңсесінің нақты орналасқан жері бойынша сотқа (Алматы қаласының Алматы аудандық соты немесе Алматы қаласының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты (егер Сақтанушы заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер болса)) шағымдануы мүмкін.

14.3.30. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға келесі жағдайлар негіз болуы мүмкін:

1. Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы көрінеу жалған мәліметтер ұсынуы;
2. Сақтанушының сақтандыру жағдайынан туындаған залалды азайту шараларын әдейі қабылдамауы;
3. Сақтанушының залал келтірген тұлғадан тиісті өтемақы алуы;
4. Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының мән-жайларын анықтауға және келтірілген залал мөлшерін белгілеуге кедергі келтіруі;
5. Сақтанушының Сақтандырушының «Өз бетінше талап қоймайтын үшінші тұлға» ретінде іске қатысу құқығына кедергі келтіруі;
6. Сақтанушының сақтандыру жағдайына жауапты тұлғаға талап қою құқығынан бас тартуы, сондай-ақ осы құқықтың Сақтандырушыға өтуі үшін қажетті құжаттарды беруден бас тартуы;
7. Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) осы сақтандыру шартының талаптарын бұзуы.

14.3.31. Егер құқық қорғау органдары Сақтанушыға (Пайда алушыға) немесе оның уәкілетті тұлғаларына қатысты қылмыстық іс қозғап, сақтандырылған мүлікке қатысты мән-жайлар бойынша тергеу жүргізіп жатса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыруды қылмыстық іс анықтау немесе алдын ала тергеу сатысында тоқтатылғанға дейін, Сақтанушының (Пайда алушының) қылмысқа қатыстылығы дәлелденбеген жағдайда, ақтау үкімі шығарылғанға дейін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасына сәйкес Сақтанушының (Пайда алушының) әрекеттерінде құқыққа қайшылықтың жоқтығын көрсететін өзге де мән-жайлар анықталғанға дейін кейінге қалдыруға құқылы, егер аталған әрекеттер сақтандыру жағдайының туындауына себеп болған мән-жайлармен байланысты болса.

14.3.32. Сақтандыру төлемін кейінге қалдыру жоғары тұрған сот сатылары төмен тұрған сот шешімін қайта қараған жағдайда да жүзеге асырылады.

14.3.33. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін Сақтанушы Сақтандырушыға келесі құжаттарды ұсынуы тиіс:

1. сақтандыру шартының көшірмесі;
2. сақтандырылған жылжымайтын мүлікке құқық белгілейтін құжаттардың көшірмесі;



3. сақтандыру жағдайының туындау фактісін растайтын құжаттар, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей: талап-арыздар, талап қою өтініштері, өтініштер, анықтамалар, қаулылар, ұйғарымдар, шешімдер, үкімдер және соттардың, құқық қорғау органдарының, прокуратураның, өрт қызметінің, ТЖМ-нің, Қазгидрометтің және басқа да органдардың өзге актілері;
4. залал мөлшерін анықтайтын құжаттар – мүлікті бағалау туралы есеп.

3-Бөлім бойынша (Азаматтық-құқықтық жауапкершілік):

14.4.34. Сақтандыру төлемі сақтандыру жағдайының туындауын, оның себептерін, залал мөлшерін және төлем алушының сақтандыру төлемін алуға құқығын растайтын барлық қажетті құжаттардың соңғысы ұсынылған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей жүзеге асырылады, атап айтқанда:

1. сақтандыру шартының көшірмесі;
2. сақтандыру жағдайы туралы өтініш;
3. жәбірленушінің ресми талабы (претензиясы);
4. Сақтанушының/Пайда алушының мүлікке меншік құқығын растайтын нотариалды куәландырылған құжаттардың көшірмелері;
5. сақтандыру жағдайының туындау фактісін және себептерін растайтын уәкілетті мемлекеттік органдардың құжаттары: өртке қарсы қызметтің актісі, қылмыстық іс қозғау туралы қаулы, авариялық қызметтердің (газ, су құбыры) актілері, ТЖМ, сот, прокуратура, құқық қорғау органдарының актілері және т.б.;
6. егер залалды өтеу туралы талап сот тәртібімен қаралған болса, Сақтанушыға келтірілген залалды өтеу міндетін жүктейтін сот шешімі;
7. келтірілген залалды бағалау туралы тәуелсіз сарапшының жазбаша қорытындысы және қалған мүліктің сапасына сараптама – қажет болған жағдайда;
8. Сақтанушы мен Пайда алушының атынан өкіл әрекет ететін жағдайда, олардың өкілеттіктерін растайтын сенімхат;
9. Пайда алушының сақтандыру төлемін алуға құқығын растайтын құжаттар: жеке куәлік, мұрагерлікке құқық туралы куәлік, сенімхат және т.б.;
10. Пайда алушының сақтандыру төлемін алуға құқығын растайтын құжаттар: жеке куәлік, қайтыс болған тұлғаға байланысты төлем алуға құқықты растайтын құжат, сенімхат және т.б.;
11. іскерлік айналым әдет-ғұрыптарына сәйкес жасалған және сақтандыру жағдайына қатысты өзге де құжаттар, сондай-ақ сақтандыру жағдайының туындауына кінәлі тұлғаға талап қою құқығын қамтамасыз ететін құжаттар. Сақтанушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды ұсынбаған жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру жағдайы туралы хабарлама алған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Сақтанушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін жетіспейтін құжаттар туралы хат жолдайды. Тараптардың еркінен тәуелсіз себептерге байланысты Сақтанушы/Сақтандырылған тұлға құжаттарды жақын арада ұсына алмайтыны туралы Сақтандырушыны хабардар еткен жағдайлар ерекшелік болып табылады.

14.4.35. Зақымдалған мүлікті бағалауды және залал сомасын Сақтандырушы жүргізеді, ол осы мақсатта лицензияланған бағалаушылардың қызметтерін пайдалана алады. Егер шарт Тараптарының бірінде немесе Пайда алушыда бағалау жүргізген тұлғаның біліктілігіне немесе оның объективтілігіне күмән туындаса, Сақтандырушы/Сақтанушы/Пайда алушы мүлікке келтірілген залалды бағалау үшін істің нәтижесіне мүдделі емес сарапшылардың және/немесе мамандардың қызметтерін пайдалануға құқылы. Бұл жағдайда тәуелсіз сарапшының қызметіне ақы төлеуді бастамашы Тарап жүзеге асырады.

14.4.37. Сақтандыру төлемі Пайда алушының банктік шотына ақша аудару арқылы жүзеге асырылады. Сақтандыру төлемі күні Сақтандырушының банктік шотынан ақша есептен шығарылған күн болып есептеледі, ал залалды заттай өтеу кезінде – жоғалған мүлікке тең келетін мүлік берілген күн болып есептеледі.

14.4.38. Егер сақтандыру жағдайы туындаған сәтте сақтандыру объектісіне қатысты өзге сақтандыру шарттары қолданылып тұрған болса, сақтандыру төлемі әрбір Сақтандырушы бойынша сақтандыру сомаларының арақатынасына пропорционалды түрде бөлінеді, ал осы Шарттың тарапы болып табылатын Сақтандырушы тек өз үлесіне тиесілі бөлігін ғана төлейді.

14.4.39. Егер құзыретті органдар Сақтанушыға/Пайда алушыға немесе олардың қызметкерлеріне қатысты қылмыстық іс қозғаған болса және/немесе сақтандыру жағдайының туындауына және келтірілген залалға қатысты мән-жайлар бойынша тергеу жүргізіліп жатса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыруды тергеу аяқталғанға дейін кейінге қалдыруға құқылы.



14.4.40. Егер Сақтандырушы сақтандыру төлемін сақтандыру жағдайы туындаған күнгі мүліктің нарықтық құны мөлшерінде жүзеге асырса, ол мүлікке немесе оның қалдықтарына құқық алуға құқылы. Бұл жағдайда Пайда алушы (жәбірленуші) Сақтандырушыға жазбаша абандон туралы өтініш (зақымдалған мүлікке қатысты мүліктік құқықтардан Сақтандырушының пайдасына бас тарту) ұсынуға міндетті, соның негізінде Сақтандырушы жоғалған мүліктің немесе оның кез келген қалдықтарының меншік иесі болуға және барлық құқық белгілейтін құжаттарды алуға құқылы болады. Сақтандырушы абандон құқығынан бас тартуға құқылы, алайда зақымдалған немесе жоғалған мүлік нарықтық құндылыққа ие болған жағдайда, Сақтандырушы тәуелсіз сарапшы анықтаған қалдық құнын сақтандыру төлемінен шегеруге құқылы.

41. Нақты залалдың мөлшері мынадай тәртіппен айқындалады:

а) мүлік толық жойылған, жойылып кеткен (ұрланған) жағдайда – осы Шарт бойынша сақтандыру сомасы мөлшерінде, пайдалану мен өткізуге жарамды қалдықтардың құнын шегере отырып, осы Шарттың қолданылу кезеңіндегі тозуды (немесе тозусыз) ескере отырып. Мүліктің толық жойылуы (жойылуы) деп мүліктің зақымдану жағдайы, онда оны жөндеу (қалпына келтіру) шығындары тозуды ескере отырып мүліктің нақты құнының 80%-ынан асатын жағдай танылады. Зақымдану жағдайы әрбір объект бойынша жеке айқындалады;

б) ішінара зақымдану кезінде – оны жөндеу немесе қалпына келтіру шығындары мөлшерінде немесе егер мүлік жөнделмейтін (қалпына келтірілмейтін) болса, оның құнының тиісті бөлігі мөлшерінде. Жөндеу (қалпына келтіру) шығындарына жөндеу үшін материалдар мен қосалқы бөлшектерді сатып алу шығындары, сондай-ақ жөндеу жұмыстарын жүргізуге ақы төлеу шығындары кіреді. Жөндеу (қалпына келтіру) шығындарынан жөндеу барысында ауыстырылатын жекелеген бөлшектердің (детальдар, тораптар, агрегаттар және т.б.) қалдық құны шегеріледі.

42. Жөндеу-қалпына келтіру шығындарына жөндеуге арналған материалдарға жұмсалған шығындар, жөндеу жұмыстарын төлеуге жұмсалған шығындар және сақтандырылған мүлікті сақтандыру жағдайы басталғанға дейінгі күйіне келтіру үшін қажетті өзге де шығындар кіреді. Егер зақымдалған бөлшектерді ауыстыру жүргізілсе, бірақ оларды сақтандырылған мүлік қауіпсіздігіне қауіп төндірмей жөндеуге болатын болса да, Сақтандырушы Сақтанушыға (Сақтандырылғанға, Пайда алушыға) осы бөлшектерді жөндеу құнын өтейді, бірақ олардың ауыстыру құнынан аспайды. Жөндеу-қалпына келтіру шығындарының сомасынан жөндеу барысында ауыстырылатын бөлшектердің тозуы шегеріледі.

43. Сақтандырушы мен Сақтанушының (Сақтандырылғанның, Пайда алушының) келісімі бойынша жөндеу-қалпына келтіру шығындары мына негіздердің бірі бойынша айқындалуы мүмкін:

- 1) Сақтандырушының калькуляциясы бойынша; немесе
- 2) авариялық комиссардың (сюрвейердің) және/немесе диспашердің (аджастердің) не тәуелсіз сарапшының (бағалаушының) қорытындысы бойынша; немесе
- 3) Сақтанушы (Сақтандырылған, Пайда алушы) ұсынған төленген шоттар, сметалар, жүкқұжаттар және өзге де құжаттар негізінде зақымдалған мүлікті жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарына нақты жұмсалған шығындар мөлшерінде.

44. Калькуляция жасау кезінде бөлшектер мен жұмыстарға орташа қолданыстағы нарықтық бағалар қолданылады.

45. Тараптар арасында залалдың себептері мен мөлшері бойынша даулар туындаған жағдайда, әрбір тарап сараптама жүргізуді талап етуге құқылы. Сараптама оны талап еткен тараптың есебінен жүргізіледі. Егер сараптама нәтижесінде Сақтандырушының сақтандыру төлемінен бас тартуының негізсіз екені анықталса, Сақтандырушы сараптама шығындарының сақтандыру төлемінен бас тартылған бастапқы сома мен сараптама нәтижесінде төленген сақтандыру төлемі сомасының арақатынасына сәйкес бөлігін өз мойнына алады.

46. Залал сомасына мүліктің жойылуы (зақымдану) сәтінде оның бар екендігі құжаттармен немесе қалдықтарды және сақтандыру жағдайы болған орынды қарау арқылы дәлелденбеген мүліктің құны енгізілмейді.

47. Жұмыстарды шұғыл жүргізуге байланысты, мүліктің бұрынғы күйін жақсарту немесе өзгертуге байланысты және осы сақтандыру жағдайымен байланысты емес өзге де қосымша шығындар нақты залал сомасына енгізілмейді және сақтандырумен өтелмейді.

48. Нақты залал мөлшерін айқындау кезінде мыналар есепке алынбайды және сақтандырумен өтелмейді:

- 1) мүлікті техникалық, профилактикалық және кепілді қызмет көрсету шығындары;
- 2) мүлікті қайта құруға және қайта жабдықтауға байланысты жұмыстар, сондай-ақ оның жекелеген бөлшектерін, детальдарын және тораптарын олардың тозуына, техникалық



ақауына немесе сақтандыру жағдайына қатысы жоқ өзге де себептерге байланысты жөндеу немесе ауыстыру;

- 3) зақымдануы сақтандыру жағдайынан туындамаған мүліктің бөліктерін (детальдарын және т.б.) жөндеу немесе ауыстыру құны;
- 4) қарастырылып отырған сақтандыру жағдайына тікелей қатысы жоқ болмаған бөлшектердің (детальдар, агрегаттар және т.б.) құны;
- 5) нормативтен тыс тарифтерді, бағаларды және коэффициенттерді қолдануға байланысты шығындар;
- 6) сақтандырылған мүліктің құнын арттыруға әкелетін өзге де шығындар.

49. Тараптардың келісімі бойынша мүлік жойылған жағдайда Сақтандырушы сақтандыру төлемінің орнына залалды заттай нысанда өтей алады, яғни жойылған мүліктің орнына ұқсас мүлік береді.

50. Егер Сақтанушы (Сақтандырылған немесе Пайда алушы) Шартта көрсетілген құжаттарды ұсынбаған немесе залалдың туындау мән-жайлары мен оның мөлшері туралы көрінеу жалған мәліметтер ұсынған жағдайда сақтандыру төлемі жүзеге асырылмайды.

51. Сақтандырушы Сақтанушы (Сақтандырылған) мүмкін болатын залалды азайту үшін өзіне қолжетімді және ақылға қонымды шараларды қасақана қолданбаған жағдайда туындаған залал бөлігінде сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.

52. Сақтандырушының сақтандыру төлемінен бас тартуына сондай-ақ мынадай жағдайлар негіз болуы мүмкін:

- 1) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы көрінеу жалған мәліметтер хабарлауы;
- 2) Сақтанушының сақтандыру жағдайынан келтірілген залалды азайту бойынша шараларды қасақана қабылдамауы;
- 3) Сақтанушының залал келтіруге кінәлі тұлғадан тиісті өтемақы алуы;
- 4) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының мән-жайларын тергеуге және келтірілген залал мөлшерін анықтауға кедергі келтіруі;
- 5) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының туындағаны туралы хабарламау;
- 6) Сақтанушының сақтандыру жағдайының туындауына жауапты тұлғаға талап қою құқығынан бас тартуы, сондай-ақ бұл құқықтың Сақтандырушыға өтуі үшін қажетті құжаттарды беруден бас тартуы.

53. Егер құқық қорғау органдары Сақтанушыға (Сақтандырылғанға, Пайда алушыға) немесе оның отбасы мүшелеріне қатысты қылмыстық іс қозғаған және залалдың туындауына әкелген мән-жайлар бойынша тергеу жүргізіліп жатса, не құзыретті органдарда сақтандыру төлемінен бас тартуға негіз болуы мүмкін материалдар бар болса, Сақтандырушы сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдау мерзімін тергеу немесе сот талқылауы аяқталғанға дейін кейінге қалдыруға құқылы, бұл туралы Сақтанушыны (Сақтандырылғанды, Пайда алушыны) жазбаша түрде хабардар етеді.

54. Егер Сақтандырушыда сақтандыру жағдайын немесе залал мөлшерін растайтын құжаттардың түпнұсқалығына қатысты негізделген күмәндер болса, ол сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдауды осы құжаттардың түпнұсқалығы расталғанға дейін кейінге қалдыруға құқылы.

55. Ірі тәуекелдерді қайта сақтандыру жағдайында тараптардың келісімі бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыру мерзімі кейінгі күнге ауыстырылуы мүмкін.

56. Егер Сақтанушы (Сақтандырылған немесе Пайда алушы) келтірілген залал үшін жауапты тұлғадан өтемақы алған болса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін келтірілген нақты залал мен аталған тұлғадан алынған өтемақы арасындағы айырма мөлшерінде жүзеге асырады.

14.3. Сақтандыру төлемін уақтылы жүзеге асырмағаны үшін Сақтандырушы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 353-бабына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

14.4. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуы Сақтанушы, Сақтандырылған немесе Пайда алушы тарапынан сот тәртібімен шағымдануы мүмкін.

14.5. Сақтандырушы сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тартуға құқылы, егер сақтандыру жағдайы келесі себептер салдарынан туындаса:

- 1) Сақтанушының, Сақтандырылғанның және (немесе) Пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған немесе оның туындауына ықпал еткен қасақана әрекеттері, қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайында жасалған әрекеттерді қоспағанда;
- 2) Сақтанушының, Сақтандырылғанның және (немесе) Пайда алушының әрекеттері заңнамалық актілерде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себептік байланыста болатын қасақана қылмыстар немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар ретінде танылған жағдайда.



14.6. Сақтандыру төлемінен бас тартуға сондай-ақ келесі жағдайлар негіз болуы мүмкін:

- 1) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы көрінеу жалған мәліметтер беруі;
- 2) Сақтанушының сақтандыру жағдайынан туындаған залалды азайту жөніндегі шараларды қасақана қабылдамауы;
- 3) Сақтанушының залал келтіруге кінәлі тұлғадан тиісті өтемақы алуы;
- 4) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының мән-жайларын анықтауға және келтірілген залал мөлшерін белгілеуге кедергі келтіруі;
- 5) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының туындағаны туралы хабарламау;
- 6) Сақтанушының сақтандыру жағдайының туындауына жауапты тұлғаға талап қою құқығынан бас тартуы, сондай-ақ бұл құқықтың Сақтандырушыға өтуі үшін қажетті құжаттарды беруден бас тартуы;
- 7) Сақтанушы (Сақтандырылған немесе Пайда алушы) немесе оның өкілі, бенефициарлық меншік иесі Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің ресми сайтында жарияланған терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалар тізіміне, сондай-ақ ЖҚҚҚҚ (ФРОМУ) тізіміне енгізілген жағдайда;
- 8) Сақтанушының/Сақтандырылғанның Сақтандырушының сұратуы бойынша тиісті тексеруді жүргізу үшін қажетті құжаттарды және қосымша ақпаратты ұсынбауы;
- 9) ақша және (немесе) өзге мүлікпен жасалатын операциялардың қылмыстық кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға бағытталған деп болжауға негіз болған жағдайда.

14.7. Осы баптың 14.5–14.6-тармақтарында көзделген Сақтанушының құқыққа қайшы әрекеттеріне байланысты Сақтандырушының сақтандыру жауапкершілігінен босатылуы бір мезгілде Сақтандырылғанға немесе Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатуды білдіреді.

14.8. Егер құқық қорғау органдары Сақтанушыға (Сақтандырылғанға, Пайда алушыға) немесе оның отбасы мүшелеріне қатысты қылмыстық іс қозғап, залалдың туындауына әкелген мән-жайлар бойынша тергеу жүргізіп жатса немесе құзыретті органдарда сақтандыру төлемінен бас тартуға негіз болуы мүмкін материалдар болса, Сақтандырушы сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдау мерзімін тергеу немесе сот талқылауы аяқталғанға дейін кейінге қалдыруға құқылы, бұл туралы Сақтанушыны (Сақтандырылғанды, Пайда алушыны) кешіктіру себептері туралы жазбаша түрде хабардар етеді.

14.9. Егер Сақтандырушыда сақтандыру жағдайын немесе залал мөлшерін растайтын құжаттардың түпнұсқалығына қатысты негізделген күмәндер болса, ол сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдауды осы құжаттардың түпнұсқалығы расталғанға дейін кейінге қалдыруға құқылы.

14.10. Ірі тәуекелдерді қайта сақтандыру жағдайында тараптардың келісімі бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыру мерзімі кейінгі күнге ауыстырылуы мүмкін.

15-бап. Сақтанушының залалды өтеуге қатысты құқықтарының Сақтандырушыға ауысуы (суброгация)

15.1. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушыға төленген сома шегінде сақтандыру нәтижесінде өтелген залалдар үшін жауапты тұлғаға қатысты Сақтанушының (Сақтандырылғанның) талап қою құқығы ауысады.

15.2. Сақтанушы (Сақтандырылған) сақтандыру төлемін алған кезде Сақтандырушыға өзінде бар барлық құжаттар мен дәлелдемелерді беруге, сондай-ақ Сақтандырушыға өзіне ауысқан талап қою құқығын жүзеге асыру үшін қажетті барлық мәліметтерді хабарлауға міндетті.

15.3. Егер Сақтанушы (Сақтандырылған) Сақтандырушы өтеген залалдар үшін жауапты тұлғаға қатысты өз талап қою құқығынан бас тартса немесе бұл құқықты жүзеге асыру Сақтанушының (Сақтандырылғанның) кінәсінен мүмкін болмай қалса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін толық немесе тиісті бөлігінде жүзеге асырудан босатылады және артық төленген соманы қайтаруды талап етуге құқылы.

16-бап. Сақтандыру шартын тоқтату талаптары

16.1. Сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңі Шарттың қолданылу мерзімімен сәйкес келеді.

16.2. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген міндеттемелерді тоқтатудың жалпы негіздерінен басқа, Сақтандыру шарты мынадай жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады:



- 1) франшиза және амортизация талаптарын қолдануды ескере отырып, толық сақтандыру сомасы шегінде сақтандыру төлемі жүзеге асырылғанда;
- 2) Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысының кезекті бөлігін төлемеген кезде Сақтандырушының қалауы бойынша;
- 3) Сақтанушы Шарттан бас тартқанда;
- 4) Сақтанушының сақтандыру объектісіне құқығы жоғалғанда;
- 5) Тараптардың біреуі таратылғанда;
- 6) Тараптардың Шартты мерзімінен бұрын тоқтату туралы келісімі болғанда;
- 7) Тараптардың бірінің талабы бойынша, егер Шарт талаптары елеулі түрде бұзылса. Шарт талаптарының елеулі бұзылуы деп Тараптардың бірінің Шарт талаптарын орындамауы немесе Шарт талаптарын орындауға кедергі келтіретін мән-жайлардың туындауы түсініледі. Шарт талаптарын орындауға кедергі келтіретін мән-жайлардың туындау фактісі құжатпен расталуға тиіс.

16.3. Осы Қағидалардың 16.2-тармағында көрсетілген негіздер бойынша Шартты мерзімінен бұрын тоқтату ниеті туралы бастамашы Тарап екінші Тарапты тоқтатудың болжамды күніне дейін кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын хабардар етуге міндетті.

16.4. Сақтанушының Сақтандыру шартынан бас тартуы нәтижесінде Шарттың қолданылуы мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақылары қайтарылмайды.

16.5. ҚР АҚ-нің 841-бабының 1-тармағында көрсетілген негіздер бойынша Шарт бұзылған кезде, Сақтанушы Сақтандырушының әкімшілік шығыстарын (оған жасалған Сақтандыру шарты бойынша табыс салығы, агенттік сыйақы және осы Сақтандыру шартына қызмет көрсететін менеджердің сыйақысы кіреді) шегере отырып, сақтандыру қорғанысының пайдаланылмаған кезеңіне пропорционалды сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігіне құқылы.

16.6. Егер Сақтанушы-жеке тұлғаның Шарттан бас тартуы осы бөлімнің 2-тармағында көрсетілген мән-жайларға байланысты болмаса, Шарт жасалған күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Сақтандырушы Сақтанушы-жеке тұлғаға алынған сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) сақтандыру әрекет еткен уақытқа пропорционалды сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) бір бөлігін және Сақтандыру шартын бұзуға байланысты шығындарды шегере отырып, алынған сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) 10 (он) пайызы мөлшерінде қайтаруға міндетті.

16.7. Егер Сақтанушы-жеке тұлғаның қарыз шартымен байланысты Сақтандыру шартынан бас тартуы оның (қарыз алушының) қарыз беруші алдындағы міндеттемелерін орындауына байланысты болса, Сақтандырушы Сақтанушы-жеке тұлғаға алынған сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) сақтандыру әрекет еткен уақытқа пропорционалды сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) бір бөлігін және Сақтандыру шартын бұзуға байланысты шығындарды шегере отырып, алынған сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) 10 (он) пайызы мөлшерінде қайтаруға міндетті.

16.8. Егер Сақтанушының Шарттан бас тартуы 16.2, 16.5, 16.6-тармақтарда көрсетілген мән-жайларға байланысты болмаса, Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақысы немесе сақтандыру жарналары қайтарылмайды.

16.9. Сақтанушы Сақтандыру шартынан бас тартқан және сақтандыру сыйлықақысын төлемеген жағдайда, Сақтанушы Шарттан бас тартқан күннен бастап 1 жұмыс күні ішінде Сақтандырушыға сақтандыру сыйлықақысын толық көлемде төлеуге, сондай-ақ сыйлықақыны уақытылы төлемегені үшін төлеуге жататын сақтандыру сыйлықақысының 0,1%-ы мөлшерінде әрбір кешіктірілген күн үшін тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті. Сақтандыру шартының қолданылуына қарамастан, сақтандыру сыйлықақысын уақытылы төлемеген әрбір жағдай үшін Сақтанушы әрбір кешіктірілген күн үшін сақтандыру сыйлықақысының 0,1%-ы мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлейді.

16.10. Шарт мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Сақтанушының сақтандыру сыйлықақысын қайтару сомасын алуы (банктік шоттан қолма-қол ақша шешіп алуы немесе Сақтандырушының кассасынан қолма-қол ақша алуы және т.б.) Сақтанушының қайтарылған сома мөлшерімен келісетінін растау үшін жеткілікті негіз болып табылады және алынған соманы даулаудың кез келген мүмкіндігін жоққа шығарады. Егер қайтару сомасының мөлшерімен келіспесе, Сақтанушы аударылған ақшаны шоттан шешіп алмауға тиіс.



17-бап. Қосымша талаптар

17.1. Сақтандыру қағидаларының талаптарына өзгерістер енгізу қажеттілігі туындаған жағдайда, мұндай өзгерістер Сақтандырушының уәкілетті органымен келісілуге тиіс.

17.2. Сақтанушы, Сақтандырылған, Пайда алушы Шарт бойынша құқықтары мен міндеттерін Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға бере алмайды.

17.3. Сақтанушы осы Сақтандыру қағидаларына сақтандыру полисін жасасу арқылы қосыла отырып, Сақтандырылғанның (Пайда алушының) дербес деректерін Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның жинауына және өңдеуіне, оның ішінде қайта сақтандыру шартын жасасу кезінде дербес деректерді беруге өз келісімін, сондай-ақ Сақтандырылғанның (Пайда алушының) келісімін растайды. Дербес деректерді пайдалану Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның Шарт талаптарын және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасын орындауы, сондай-ақ жалпы Сақтандырушы қызметінің мақсаттарын іске асыру үшін жүзеге асырылады.

17.4. Сақтандыру полисін жасасу арқылы Сақтанушы өз келісімін, сондай-ақ Сақтандырылғанның (Пайда алушының) Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкес үшінші тұлғаларға осындай деректерді беруді қоса алғанда, дербес деректерді жинауға, сақтауға және өңдеуге келісімін растайды.

17.5. Сақтандыру полисін жасасу арқылы Сақтанушы Сақтандырылғанның сақтандыру шартын жасасуға, сондай-ақ Сақтандырылғанның дербес деректерін Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның өңдеуіне, оның ішінде дербес деректерді трансшекаралық беруге және мұндай деректерді Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкес үшінші тұлғаларға беруге, сондай-ақ Сақтандырылғанды ауыстыруға жазбаша келісімін алғанын растайды.

17.6. Сақтанушы Сақтандырылған(дар)дың Шартты жасасуға келісімін алғанын растайды. Бұл ретте Сақтанушы Сақтандырылған(дар)ды ауыстыруға құқылы және мұндай ауыстыру үшін Сақтандырылған(дар)дың келісімі талап етілмейді.

17.7. Шарт бойынша тікелей немесе жанама түрде төмендегі оқиғалардың әсерінен немесе олар болған жағдайда туындаған жауапкершілікті сақтандыру өтелмейді:

- 1) соғыс, әскери әрекеттер, арнайы операциялар, бітімгершілік акциялар, кез келген қақтығыстар, толқулар, жаппай тәртіпсіздіктер, революциялар, төңкерістер, билікті құлату, оккупациялар, интервенциялар және өзге де осыған ұқсас әрекеттер кезінде қолдануға арналған не қолданылатын кез келген зымырандардың, снарядтардың, миналардың, торпедалардың, бомбалардың, жаппай қырып-жою қаруларының және өзге де қарулардың/құралдардың, машиналардың, кемелердің/өзге де жүзу құралдарының, техниканың, дрондардың, роботтардың, техникалық құралдардың, жабдықтардың әсері;
- 2) соғыс, әскери әрекеттер, арнайы операциялар, бітімгершілік акциялар, кез келген қақтығыстар, толқулар, жаппай тәртіпсіздіктер, революциялар, төңкерістер, билікті құлату, оккупациялар, интервенциялар және өзге де осыған ұқсас әрекеттер кезінде қолдануға арналған не қолданылған немесе қолданылғаннан кейін қалған кез келген зымырандардың, снарядтардың, миналардың, торпедалардың, бомбалардың, жаппай қырып-жою қаруларының және өзге де қарулардың/құралдардың, машиналардың, кемелердің/өзге де жүзу құралдарының, техниканың, дрондардың, роботтардың, техникалық құралдардың, жабдықтардың әсері немесе осындай әрекеттерден кейін залалсыздандырылғаннан соң іске аспай қалған ұқсас құралдардың әсері.

17.8. Шарт бойынша тікелей немесе жанама түрде мынадай жағдайларда туындаған жауапкершілікті сақтандыру өтелмейді:

- 1) соғыс жарияланғанына немесе жарияланбағанына қарамастан әскери іс-қимылдар;
- 2) мемлекеттік органдар, әскери қызметшілер, әскери міндеттілер, жалдамалы әскерлер, бітімгерлер жүргізетін кез келген арнайы операциялар, іс-шаралар, әрекеттер;
- 3) жаппай тәртіпсіздіктер, революциялар, қақтығыстар, толқулар, оккупациялар, интервенциялар, локауттар, ереуілдер, митингілер;
- 4) терроризмге қарсы операциялар;
- 5) бітімгершілік операциялар;
- 6) төтенше жағдай;
- 7) коменданттық жағдай;
- 8) әскери жағдай;
- 9) жүріп-тұруды шектеу режимдері;
- 10) жаппай тонау, қарақшылық, ұрлық, бұзақылықтың болуы.

17.9. Шарт бойынша сақтандыру қорғанысымен мынадай жағдайлардың нәтижесінде туындаған



залал немесе жоғалту өтелмейді:

- 1) сақтандырылған мүлікті кез келген үкіметтің немесе оның бұйрығы бойынша (әскери, азаматтық немесе де-факто), не қоғамдық немесе жергілікті билік органдарының тәркілеуі, ұлттандыруы, басып алуы, ұстап қалуы, қамауға алуы, жоюы, иемденуі, меншігіне немесе пайдалануына реквизициялауы;
- 2) қандай да бір өзге талаптарға қарамастан, егер мұндай сақтандыру қорғанысы, төлем, сақтандыру төлемі немесе қызмет және/немесе Сақтанушының кез келген кәсіпкерлік немесе өзге қызметі сауда немесе экономикалық санкциялар туралы қолданылатын заңнамалық немесе өзге де нормативтік-құқықтық нормаларды бұзатын болса, сақтандыру осы Шарт бойынша оқиғаларға қолданылмайды және Сақтандырушы Сақтанушыға немесе өзге тұлғаға қандай да бір төлемдерді, сақтандыру төлемдерін жүзеге асырмайды және қандай да бір қызметтер көрсетпейді.

17.10. Тараптар, егер ОҒАС, Еуропалық Одақ, Ұлыбритания тарапынан Украинаның аумақтық тұтастығын, егемендігін және тәуелсіздігін бұзатын немесе қауіп төндіретін әрекеттерге қатысты шектеу шаралары және/немесе санкциялар Сақтанушыға, оның аффилиирленген тұлғаларына, лауазымды тұлғаларына, жұмыскерлеріне, бенефициарларына, консультанттарына, өкілдеріне, серіктестеріне, контрагенттеріне қолданылған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыны жай жазбаша хабардар ету арқылы Шартты мерзімінен бұрын біржақты тәртіппен бұзуға құқылы екенімен келіседі. Шарт Сақтандырушы Сақтанушыға хабарламаны электрондық пошта арқылы немесе Сақтандыру шартында көрсетілген мекенжайға пошта арқылы жіберген сәттен бастап бұзылған болып есептеледі. Тараптар осы Қағидалардың 17-бабының 17.7–17.10-тармақтарына сәйкес Шарттың қолданылуы тоқтатылғаннан кейін Сақтандырушы осы Шарт бойынша төленген агенттік сыйақыны шегере отырып, пайдаланылмаған сақтандыру қорғанысы кезеңіне пропорционалды пайдаланылмаған сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін Шарт тоқтатылған күннен бастап 20 жұмыс күні ішінде қайтаратынымен келіседі.

17.11. Тараптар, егер ОҒАС, Еуропалық Одақ, Ұлыбритания тарапынан Украинаның аумақтық тұтастығын, егемендігін және тәуелсіздігін бұзатын немесе қауіп төндіретін әрекеттерге қатысты шектеу шаралары және/немесе санкциялар Сақтанушыға, оның аффилиирленген тұлғаларына, лауазымды тұлғаларына, жұмыскерлеріне, бенефициарларына, консультанттарына, өкілдеріне, серіктестеріне, контрагенттеріне қолданылған жағдайда, Сақтандырушы осы Шарт бойынша, оның ішінде санкциялар мен шектеулер қолданылғанға дейін орын алған оқиғалар бойынша да сақтандыру төлемін жүзеге асырмайтынымен келіседі. Тараптар, Қағидалардың осы бабының 17.10-тармағына сәйкес Шарт біржақты тәртіппен бұзылған және санкциялар мен шектеулерге байланысты сақтандыру төлемі жүзеге асырылмаған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыға/Сақтандырылғанға/Пайда алушыға тұрақсыздық айыбын төлемейді және қандай да бір залалдарды өтемейтіндігімен келіседі.

18-бап. Дауларды шешу тәртібі

18.1. Сақтандыру шарты бойынша Сақтандырушы мен Сақтанушы (Пайда алушы) арасында туындайтын даулар тікелей Тараптардың келіссөздері арқылы қаралады.

18.2. Тараптар реттемеген даулар Алматы қаласының соттарында қарауға беріледі. Егер Шарт тарапы заңды тұлға болса, дау Алматы қаласының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында қаралады, ал егер Шарт тарапы жеке тұлға болса, дау Алматы қаласының Алмалы аудандық сотында қаралады.



«Smart House» мүлiктi залалдан ерiктi кешендi сақтандыру қағидаларына

САҚТАНДЫРУ ПОЛИСИ/СТРАХОВОЙ ПОЛИС Серия ДОС № ____

/ Настоящий страховой полис является договором присоединения к Правилам добровольного страхования имущества от ущерба «Smart House».

1	Сақтандыру класы / Класс страхования	Мүлiктi залалдан сақтандыру/ Страхование имущества от ущерба Титулдық сақтандыру /Титульное страхование Азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру/Гражданско-правовая ответственность перед третьими лицами	
2	Мемлекеттік лицензия / Государственная лицензия		
3	Сақтандырушы/Страховщик	«Евразия» СК» АҚ, Қазақстан Республикасы, 050004, Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 59. тел.: (727) 258 43 36; факс: 258 43 38, «Еуразиялық банк» АҚ-ның № 6 филиалындағы, БСН: 950540000024, IBAN: KZ4094806KZT22030005, BIC/SWIFT: EURIKZKA / АО «СК «Евразия», Республика Казахстан, 050004, г. Алматы, ул. Желтоқсан, 59. тел.: (727) 258 43 36, факс: 258 43 38, БИН: 950540000024, IBAN: KZ4094806KZT22030005 в Филиале №6 АО «Евразийский банк» г.Алматы, BIC/SWIFT: EURIKZKA	
4	Сақтанушы / Страхователь (Атауы/ аты-жөні, БСН/ ЖСН, экономика секторының коды (ЭСК), резиденттік белгісі (РБ), Экономикалық қызмет түрі (ЭҚТ), мекен-жайы, телефоны) / (Наименование/Ф.И.О., БИН/ ИИН, код сектора экономики (КСЭ), признак резидентства (ПР), вид экономической деятельности (ВЭД), адрес, телефон		
5	Сақтандырылушы / Застрахованный (Атауы/ аты-жөні, БСН/ ЖСН, экономика секторының коды (ЭСК), резиденттік белгісі (РБ), Экономикалық қызмет түрі (ЭҚТ), мекен-жайы, телефоны) / (Наименование, Ф.И.О., БИН/ ИИН, код сектора экономики (КСЭ), признак резидентства (ПР), вид экономической деятельности (ВЭД), адрес, телефон		
6	Пайда алушы / Выгодоприобретатель (Атауы, аты-жөні, БСН/ ЖСН, экономика секторының коды, резиденттік белгісі, Экономикалық қызмет түрі (ЭҚТ), мекен-жайы, телефон) / (Наименование/ Ф.И.О., БИН/ ИИН, код сектора экономики (КСЭ), признак резидентства (ПР), вид экономической деятельности (ВЭД), адрес, телефон		
7	Сақтандыру объектісінің орналасқан орны / Местонахождения объекта страхования		
8	Сақтандыру объектісі / Объект страхования	Вид имущества _____	
	Мекен-жайы /Адрес нахождения	_____	
	Нақты құны / Действительная стоимость	_____ (_____) тенге	
	Жылжымалы мүлік / Движимое имущество	_____ (_____) тенге	
9	Жалпы Сақтандыру сомасы / Общая страховая сумма	_____ (_____) тенге	
10	Титулдық сақтандыру /Титульное страхование	Страховая сумма _____ (_____) тенге Страховая премия _____ (_____) тенге	
11	Азаматтық жауапкершілік/ Гражданско-правовая ответственность	Страховая сумма _____ (_____) тенге Страховая премия _____ (_____) тенге	
12	Жалпы Сақтандыру сыйлықақысы / Общая Страховая премия	_____ (_____) тенге	
13	Валюта түрі, сақтандыру сыйлықақысын төлеу тәртібі және мерзімдері: / Вид валюты, порядок и сроки уплаты страховой премии:		
14	Франшиза / Франшиза		
15	Сақтандыру жағдайлары / Страховые случаи		
16	Полісінің қолданылу мерзімі / Срок действия полиса	с «__» _____ 202 г. по «__» _____ 202 г. обе даты включительно	
17	Сақтандыру қорғауының аумағы/ Территория страховой защиты	Қазақстан Республикасы /Республика Казахстан	
18	Хабарландыру мерзімі/ Сроки уведомления	Сақтандырушы сақтанушыны немесе сақтандырылушыны сақтандыру төлемін жүзеге асыруға қажетті жетіспейтін құжаттар туралы 10 күннің ішінде хабарландыру/ Страховщик обязан уведомить Страхователя в течение 10 дней с момента представления последнего документа о недостающих документах, необходимых для осуществления страховой выплаты.	
19	Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі және мерзімдері / Порядок и сроки осуществления страховой выплаты	Сақтандырушы сақтандыру төлемін жасау үшін керекті артық документті алған күннен бастап он жұмыс күннің ішінде жасайды. Сақтандыру төлемі тенге валютасында жасалады./ Страховщик осуществляет страховую выплату Выгодоприобретателю в течение десяти рабочих дней с даты получения последнего необходимого для осуществления страховой выплаты документа. Страховая выплата осуществляется в тенге.	
20	Ерекше талаптар/ Особые условия		

Комиссиялық сыйақы/ Комиссионное вознаграждение – *на/да,нет/жок.*

Сақтандыру ережелерімен таныстым, өзiм хабарлаған мәліметтердiң шынайылығын растаймын, полисті және сақтандыру ережелерінің көшірмесін алдым./ С правилами страхования ознакомлен, достоверность сообщенных мною сведений подтверждаю, полис и копию правил страхования получил.

Сақтандырушы (немесе оның өкілі)/

Страховщик (или его представитель):

«Евразия» сақтандыру компаниясы» АҚ
АО «Страховая компания «Евразия»

Сақтанушы / Страхователь:

(аты-жөні, қолы / Ф.И.О. подпись)

М.О./М.П.

(аты-жөні, қолы / Ф.И.О. подпись)

М.О./М.П.

Есiлi подписант агент

Агент (ФИО/Наименование)/Адрес (если агент юридическое лицо)

ИИН/БИН /телефон

Шарт Жасалған күні / Дата заключения: «__» _____ 20__ ж./г.



ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ	ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ СТОРОН
<p>1. Сақтанушы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Сақтандырушыдан қаржылық тұрақтылығы және төлем қабілеттігі туралы ақпарат талап етуге; 2) Сақтандырылушылар тізіміне өзгертулер енгізуге; 3) осы сақтандыру полисі бойынша Пайда алушы болса, сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру ережесінде белгіленген тәртіппен сақтандыру төлемін алуға; 4) сақтандыру ережесімен танысуға және көшірмесін алуға құқылы. <p>2. Сақтанушы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сақтандыру полисін жасау кезінде Сақтандырушының сақтандыру тәуекелін бағалауы және осы сақтандыру полисін жасау туралы шешім қабылдауы үшін елеулі мәнді өзіне белгілі бүкіл жәйттер туралы Сақтандырушыға хабарлауға; 2) осы сақтандыру полисінде белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру сыйлықақысын төлеуге; 3) Сақтандырылушыларға сақтандыру талаптарын жеткізуге; 4) сақтандыру ережесінің талаптарын орындауға (Сақтандырылушылардың сақтандыру ережесін бұзуы, Сақтанушының сақтандыру талаптарын бұзуы деп танылады); 5) осы сақтандыру полисінің қолданылу кезеңінде Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелінің жағдайы туралы ақпарат беруге; 6) сақтандыру жағдайының белгілері бар және/немесе салдары сақтандыру жағдайының туындауына апарып соқтыратын оқиғаның басталғаны туралы сақтандыру ережесінде белгіленген мерзімдерде және тәртіппен Сақтандырушыны хабарландыруға; 7) сақтандыру жағдайы шығындарын болдырмау немесе азайту шараларын қолдануға; 8) сақтандыру жағдайының себептері, барысы және салдарлары, келтірілген зиянын сипаты және мөлшері жайлы бағалауға мүмкіндік беретін өзінде бар бүкіл ақпаратты сақтандыру ережесінде белгіленген тәртіппен Сақтандырушыға беруге; 9) Сақтандырушының сұратуы бойынша құжаттарды, сонымен қатар тиісті тексеруді жүргізу үшін қажетті өзге де ақпаратты беруге. <p>3. Сақтандырушы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Сақтанушы берген ақпараттар мен құжаттарды, сондай-ақ Сақтанушының (Сақтандырылушының) осы сақтандыру полисінің талаптарын сақтауын тексеруге; 2) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның себептерін және жәйттерін өздігінен анықтауға, сонымен бірге құзыретті органдарға сұраныс жіберуге; 3) Сақтанушыдан немесе Сақтандырылушыдан сақтандыру жағдайының, оның туындау жағдайларын анықтауға қажет ақпаратты сақтандыру ережесінде белгіленген тәртіппен талап етуге; 4) оқиға сақтандыру жағдайы деп танылмаған, Сақтанушы (Сақтандырылушы) осы сақтандыру полисінің талаптарын орындамаған жағдайда, бұл туралы Сақтанушының (Сақтандырылушының/Пайда алушының) жазбаша хабарландыра отырып сақтандыру төлемінен бас тартуға; 5) кез келген уақытта тәуекелді туындауына ықпал еткен жағдайлардың бар не жоғын тексеруге және бақылауға. 6) Сақтанушыдан тиісті тексеруді жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды және өзге де ақпаратты сұрауға; <p>4. Сақтандырушы міндетті:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Сақтанушыны сақтандыру ережесімен таныстыруға және көшірмесін беру; 2) сақтандыру жағдайы басталған кезде, осы сақтандыру полисінде белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін жасауға; 3) Сақтанушының (Сақтандырылушының) сақтандыру жағдайы кезінде шығындарды азайту үшін жұмсаған шығыстарын өтеуге; 4) сақтандыру жағдайы туралы хабарламаны тіркеуге; 5) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге міндетті; 6) сақтанушыны немесе сақтандырылушыны сақтандыру төлемін жүзеге асыруға қажетті жетіспеушілік құжаттар туралы 10 (он) күннің ішінде хабарландыру; 7) келесі жағдайларда сақтандыру төлемінен бас тарту: <ul style="list-style-type: none"> - сақтанушы (сақтандырылушы немесе пайда алушы) немесе оның өкілі Қазақстан Республикасының Қаржы мониторингі агенттігінің ресми сайтында жарияланған терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты тұлғалар мен ұйымдардың тізбесіне енгізілген; - сақтанушымен/ сақтандырылушымен тиісті тексеруді жүргізу үшін сақтандырушының сұрау салуы бойынша құжаттарды, сондай-ақ қосымша ақпаратты ұсынбау; - ақшамен және (немесе) басқа мүлікпен операция КІЖ және ТҚ мақсатымен жасалғаны болжауға негіздеме бар болған жағдайда. <p>5. Сақтанушы (Сақтандырылушы/Пайда алушы) сақтандыру жағдайы орын алған кезде, демалыс және мейрам күндерін есептемегенде 3 (үш) күннен кешіктірмей, дереу Сақтандырушыны немесе оның өкілін сақтандыру жағдайының орын алғаны туралы хабарландыруы және Жазатайым жағдайлардан ерікті сақтандыру ережесінде көрсетілген басқа да әрекеттерді жасауы тиіс.</p> <p>6. Сақтандыру жағдайының туындауын, сондай-ақ келтірген зиянын Сақтанушы дәлелдейді.</p> <p>7. Сақтанушы, осы Сақтандыру шартына қол қоя отырып, тәуекелдердің алдын алуға және сақтандыру жағдайының басталуына жол бермеуде сақтандыру мүддесінің бар екендігін растайды.</p> <p>8. Сақтанушы, Сақтандырылушы, Пайда алушы Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз осы Шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді үшінші тұлғаларға берілмейді.</p> <p>9. Сақтанушы Сақтандырылушының (лардың) осы Шартты жасауға келісімін алғандығын растайды. Сақтанушы Пайда алушыны және (немесе) Сақтандырылушыны (ларды) олардың келісімінсіз өзгерте алады.</p> <p>10. Кез келген негіз бойынша Шарт мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде, егер осы Шарт бойынша кез келген мөлшерде сақтандыру төлемі жүзеге асырылған болса-сақтандыру сыйлықақысы және/немесе оның бір бөлігі қайтарылуға жатпайды.</p> <p>11. Сақтанушы Сақтандырушының факсимильді құралдарды (факсимілені) және / немесе қолданбалы және/ немесе мәрдің электронды көшірмесін қолдана отырып, осы Шартты жасау мүмкіндігімен келіседі және мұндай Шарт Тараптармен түпнұсқа ретінде танылады.</p> <p>12. Осы шарттармен реттелмеген барлық өзге мәселелер бойынша Тараптар «Евразия» сақтандыру компаниясы АҚ-ның «Smart House» мүлкікті ерікті кешенді сақтандыру қағидаларын басшылыққа алатын болады.</p>	<p>1. Страхователь вправе:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) требовать от Страховщика информацию о его платежеспособности и финансовой устойчивости; 2) вносить изменения в список Застрахованных; 3) получить страховую выплату при наступлении страхового случая в порядке, установленном Правилами страхования, если он является Выгодоприобретателем по настоящему страховому Полису; 4) ознакомиться и получить копию Правил страхования. <p>2. Страхователь обязан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) при заключении страхового Полиса сообщить Страховщику обо всех известных ему обстоятельствах, имеющих существенное значение для оценки страхового риска и принятия Страховщиком решения о заключении настоящего страхового Полиса; 2) уплатить страховую премию в размере, порядке и сроки, установленные настоящим страховым Полисом; 3) довести до сведения Застрахованных условия страхования; 4) выполнять условия Правил страхования (нарушение Правил страхования Застрахованными расценивается как нарушение условий страхования самим Страхователем); 5) в период действия настоящего страхового Полиса информировать Страховщика о состоянии страхового риска; 6) уведомлять Страховщика о наступлении события, имеющего признаки страхового случая и/или последствием которого может быть наступление страхового случая, в сроки и порядке, установленные Правилами страхования; 7) предпринимать меры по предотвращению или уменьшению убытков от страхового случая; 8) предоставлять Страховщику всю имеющуюся у него информацию, позволяющую судить о причинах, ходе и последствиях страхового случая, характере и размерах причиненного убытка в порядке установленными Правилами страхования; 9) предоставить по запросу страховщика документы, а также дополнительную информацию, необходимую для проведения надлежащей проверки. <p>3. Страховщик вправе:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) проверять предоставленную Страхователем информацию и документы, а также соблюдение Страхователем (Застрахованным) требований и условий настоящего страхового Полиса; 2) самостоятельно выяснять причины и обстоятельства события, имеющего признаки страхового случая, в том числе направлять запросы в компетентные органы; 3) требовать от Страхователя или Застрахованного информацию и документы, необходимую для установления факта страхового случая, обстоятельств его возникновения в порядке установленными Правилами страхования; 4) отказать в страховой выплате в случае наступления события страховым случаем, невыполнения Страхователем (Застрахованным) условий настоящего страхового Полиса, письменно уведомив об этом Страхователя (Застрахованного/ Выгодоприобретателя); 5) в любое время проинспектировать и проверить наличие обстоятельств, способствующих возникновению риска; 6) запрашивать у Страхователя документы и иную информацию, необходимые для осуществления надлежащей проверки. <p>4. Страховщик обязан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ознакомить Страхователя с Правилами страхования и представить их копию; 2) при наступлении страхового случая произвести страховую выплату в размере, порядке и сроки, установленные настоящим страховым Полисом; 3) возместить Страхователю (Застрахованному) расходы, произведенные им для уменьшения убытков при страховом случае; 4) зарегистрировать сообщение о страховом случае; 5) обеспечить тайну страхования; 6) Страховщик обязан уведомить Страхователя в течение 10 (десяти) рабочих дней с момента представления последнего документа о недостающих документах, необходимых для осуществления страховой выплаты; 7) отказать в страховой выплате в следующих случаях: <ul style="list-style-type: none"> - страхователь (застрахованный или выгодоприобретатель) или его представитель включен в перечень лиц и организаций, связанных с финансированием терроризма и экстремизма, опубликованного на официальном сайте Агентства Республики Казахстан по финансовому мониторингу; - не предоставление страхователем/застрахованным документов, а также дополнительной информации по запросу страховщика для проведения надлежащей проверки; - когда есть основания полагать, что операция с деньгами и (или) иным имуществом совершается с целью ОД и ФТ. <p>5. При наступлении страхового случая Страхователь (Застрахованный / Выгодоприобретатель) незамедлительно, но не позднее 3 (Трех) дней, не считая выходных и праздничных дней, уведомить о его наступлении Страховщика или его представителя и совершить иные действия, указанные в Правилах добровольного страхования от несчастных случаев.</p> <p>6. Доказывание наступления страхового случая, а также причиненных им убытков лежит на Страхователе.</p> <p>7. Страхователь, подписывая настоящий Договор страхования, подтверждает, что имеет страховой интерес в предотвращении рисков и недопущении наступления страхового случая.</p> <p>8. Страхователь, Застрахованный, Выгодоприобретатель не могут передавать права и обязанности по данному договору третьим лицам без письменного согласия Страховщика.</p> <p>9. Страхователь подтверждает, что получил согласие Застрахованного(ых) на заключение данного Договора. Страхователь может менять Выгодоприобретателя и (или) Застрахованного(ых) без их согласия.</p> <p>10. При досрочном прекращении Договора по любому основанию, если по данному Договору была осуществлена страховая выплата в любом размере – страховая премия и/или ее часть возврату не подлежит.</p> <p>11. Страхователь соглашается с возможностью заключения настоящего Договора с использованием Страховщиком факсимильных средств (факсимиле) и/или электронного копирования подлисы и/или печати и такой Договор признается Сторонами оригиналом.</p> <p>12. По всем иным вопросам, неурегулированным настоящими Условиями, Стороны будут руководствоваться Правилами добровольного комплексного страхования имущества от ущерба «Smart House» АО «Страховая компания «Евразия».</p>